



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 103-104 (8489-8490) Сенбі 29 қазан 2016 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫНДА

БАСТЫ МІНДЕТ – СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Б.ЖАҚСЫМБЕТОВ,
“Ауыл жаңалығы”.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысында да қатты алаңдататыны айқын. Әрбір қоғам дамуының күнгей жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалын жақсартып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Жуырда, ауданның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша комиссия отырысы аудан әкімі М.Шүкеевтің төрағалығымен өтті. Комиссия отырысында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңы талаптарының 2016 жылдың тоғыз айында ауданда орындалуы туралы хабарлама жасаған аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы М.Махамбетов сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесі бойынша бекітілген жоспарға сәйкес және ауданның жергілікті атқарушы органдарымен атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Есепті мерзімде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті нығайту мақсатында бөлімнің қызметкерлерімен 2 рет жиналыс өткізілген, бөлімге заңды тұлғадан 7 өтініш түсіп, оның 2-еуі қанағаттандырылып, 5-еуіне



түсініктеме беріліпті. Бүгінгі күні азаматтардан түскен өтініштердің кешіктірілгені немесе қанағаттандырылмағаны туралы фактілер орын алмаған және бюджеттен бөлінген қаражат мақсатты жұмсалып, мемлекеттік сатып алу шаралары заң аясында өткізілген.

Салық органдарына жыл сайын өткізілетін табыс салығы туралы декларациялар уақытында тапсырылып, есепті мерзімде заң бұзушылықтар бойынша сенім телефонына, орнатылған жәшікке арыз шағымдар түспепті.

Бөлімде жеке және заңды тұлға өтініштерін қарау тәртібі, азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау жұмыстары заң аясында және нұсқауларға сәйкес жүргізілсе, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шаралары бойынша 6 билборд, 2 керме орналастырылған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы ауылдық округтерге 60 буклет, 30 логотип, 45 стикер таратылып, көрнекі-ақпарат

құралдарын орналастыру бойынша нұсқаулықтар беріліп, жергілікті басылым беттерінде 13 мақала жарық көрген.

Баяндамадан соң отырыста Ынтымақ ауылдық округінің әкімі М.Ноғаев, Мырзатай ауылдық округінің әкімі Н.Абдуалиев, Түймекент ауылдық округінің әкімі Б.Алсейовтер есеп берді. Комиссия отырысын қорытындылаған Мұратхан Жүнісәліұлы сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтардың себеп-салдарын тұрақты жемқорлық сипатындағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын терең түсіндіру, Заң базасымен күнделікті жұмыс істеу қажеттігіне назар аударды. Сондай-ақ,

талдауға, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын терең түсіндіру, Заң базасымен күнделікті жұмыс істеу қажеттігіне назар аударды. Сондай-ақ,



ауданда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы отырысына аудан прокуроры Бағлан Төлеу, аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, полиция полковнигі А.Абдеев қатысып отырды.

«АҚЖОЛДЫҚТАР» АУДАНЫМЫЗДА

А.ШОТБАСОВА,
«Ауыл жаңалығы».

Оқырман жүрегіннен ойлы мақалаларымен орын алған облыстық «Ақ жол» газеті жума күні ауданымызға келді. Аудандық әкімшіліктің мәжілістер залында өткен кездесуді ашып, жүрттүзіп отырған аудан басшысы Мұратхан Шүкеев Жамбыл жерінің тыныс-тіршілігін жан-жақты жазып жүрген «Ақ жол» газетінің халық қалаулысына айналып келе жатқанын, басылымның жылдан жылға беделі артып отырғанын айтып, аудан тұрғындарының газетке жазылуын сөз етті.

Соңғы үш жыл көлемінде аталмыш басылымның 6100 данасы таратылғанын атап өткен Мұратхан Жүнісәліұлы алдағы күнде оның санын арттыру көзделіп отырғанын жеткізді. Келген қонақтармен таныстырды.

Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетінің Директор-Бас редакторы Көсемәлі Сәттібайұлы Байзақ елі киелі мекен екендігін, батырлары, ақындары, Еңбек Ерлерімен мақтануға тұрарлық өлкенің өркендеп келе жатқанын сөз етіп, елді елдікке, ерлікке, бірлікке үндейтін ұнқағаздың қашанда орны бөлек болатындығын әңгімеледі. Осы ретте жаңа бет-бейнесімен көптің көзайымы болып жүрген «Ақ жол» газеті әрбір шаңырақтың



сүйікті басылымына айналса, бұдан былай да газетке жазылуда байзақтықтар белсенділік танытса нұр үстіне нұр болатындығын айтты.

Кездесуде оқырман ойы да ортаға салынды. Мінбеге көтерілген аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Ермеков Серік әр дәуірдің тынысына қарай өсіп-өнген «Ақ жол» бүгінге дейін өз беделін жоғалтпай келе жатқанын ауызға алса, Ю.Гагарин орта мектебінің директоры Шырынов Капарова ұстаздар үшін орны ерекше басылымның өзіндік үні,

ұстанымы, бет-бейнесі бар екендігін, әсіресе соңғы кездері жаңа мазмұн, жаңаша келбетке ие болғанын, облыс айнасына көңілі толанындығын жеткізді.

Кездесуде өзінің жүрекжарды жылы лебізін ақын Ж.Тұрғынбаев та айтты. Облыс айнасына деген ыстық ықыласын өлеңдете жеткізген Жанат Әшімұлы «Ақ жолдың» көсегесі көгеруіне тілектестігін білдірді.

Кездесудің соңында аудан әкімі М.Шүкеев «Ақ жол» газетінің Директор-Бас редакторы Көсемәлі Сәттібайұлы бастаған, бас редактордың бірінші орынбасары Ақылжан Мамыт, мәдениет бөлімінің меңгерушісі Табиғат Абаилдаев, фототілші Ақәділ Рысмаханға естелік сыйлықтар табыстап, игі тілегін жеткізді.



Ауыл ТЫНЫСЫ

САРЫКЕМЕР ауылдық округі

2017 жылы Алматы қаласында өтетін 28-ші Дүниежүзілік қысқы Универсиада еліміздің 25 жылдық тарихындағы ең ірі мультиспорттық іс-шара болып табылады. Осыған орай білім бөліміне қарасты жалпы орта білім беру мекемелерінде оқушылардың қатысуымен 24-ші қазан күні бірінғай таңғы жаттығу өткізілді. Оған тоғыз мыңдай оқушы қатысты. Таңғы жаттығуларды мектеп басшылары құттықтау сөзбен ашты.

Қазақстанның 40 жылдығы орта мектебінде «Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық жауапкершілік» атты апталығы өтті. Апталықта «Жақсы қыз бен жақсы ұл-атананың мақтанышы» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Онда ата-аналарды толандырып жүрген көптеген мәселелер кеңінен айтылып, бала болашағы жолында бірлесе жұмыс істеудің тиімділігі сөз етілді. Апталық барысында ақсақалдар кеңесінің мүшелерімен бірлесе өткізілген «Өнегелі өмірдің баспалдақтары» тақырыбындағы дөңгелек үстел де өзгеше қызығалықты болды. Оқушыларды Отансүйгіштікке, адамгершілікке, рақышылдыққа тәрбиелеуді мақсат тұтқан дөңгелек үстел аға ұрпақ пен жас ұрпақ арасындағы сыйластықты тудырды. Мұнымен қоса, мектепте «Бозбала» ұлдар жиналысы, «Шаңырақ» оқушылар қоғамдастығының отырысы өтті. Аудандық ЮИП аға инспекторы, полиция майоры Қ.Асанбаев, мектеп инспекторы Ж.Етекбаев, білім бөлімінің әдіскері М.Ағатаева, мектеп директоры Г.Есентаевамен 10-11 сыныптың ер балалары кездесті.

Г.Мұратбаев мектеп-гимназиясында директордың құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары И.Мектепбаева және мектеп инспекторы Е.Тұрғумбаевпен бірлесіп, құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуға бағытталған «Өз құқығымызды білеміз бе?» тақырыбында өткізілген дөңгелек үстел бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелерге арналды. Онда оқушыларға Байзақ ауданында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуға байланысты құрылған мобильдік топ туралы ақпарат беріліп, аудан әкімдігі білім бөлімі әдістемелік кабинетінің әдіскері Ф.Иманбекова аталмыш топтың мақсаты мен міндеттерін түсіндірді. Дөңгелек үстел барысында жаңа оқу жылынан бастап мектеп инспекторымен бірлесіп жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтар мен қылмыстың алдын алуға байланысты көмелет жасқа толмағандардың күндізгі және түнгі мезгілде қоғамдық орындарда жүргізілген рейдтері, әртүрлі тақырыпта өткізілген іс-шараларға слайд арқылы шолу жасалынды.

КӨКТАЛА ауылы

Көктала ауылы әкімінің мұрындық болуымен көптеген игі жұмыстар атқарылуда. Өткен жылы «Саялы» массивінің көшелеріне шағал тас төселсе, жуырда ғана аталмыш массивке тұрғындардың қолдауымен және ауыл әкімшілігінің ұйытқы болуымен электр трансформаторы орнатылды. Ауылдағы және бір жағымды жаңалық, республикалық бюджеттен бөлінген. 8 млн. 541 мың теңгеге Ш.Уәлиханов көшесінің 920 метрі жөндеуден өтуде. «Жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша жүзеге асқан жұмысты «Рауан» ЖШС-і жүргізуде. Ауылда сонымен қатар «Өңірлерді дамыту-2020» бағдарламасы негізінде республикалық бюджеттен бөлінген 2 млн. 497 мың теңгеге Көктала орта мектебінің айналасы қоршалса, үлкен көлемде мал бордақылау алаңы соғылып бітуде.

БӨТЕННІҢ МҮЛКІН ҰРПАУ-ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

бұл туралы учаскелік полиция инспекторларының есебінде айтылды

М.МАНЕКЕЕВ,
"Ауыл жаңалығы".

МЕМЛЕКЕТ
БАСШЫСЫ
«Нұр Отан»
ПАРТИЯСЫНЫҢ
КЕЗЕКТІ СЪЕЗІНДЕ
ІШКІ ІСТЕР
ОРГАНДАРЫНЫҢ
ЖҰМЫСЫ
МЕЙЛІНШЕ АШЫҚ
БОЛУЫ ТИІС ДЕГЕН
БОЛАТЫН. ОСЫ
НҮСҚАУЛЫҚТАРДЫ
ОРЫНДАУ

МАҚСАТЫНДА
ОБЛЫСТЫҚ ІШКІ ІСТЕР
ДЕПАРТАМЕНТІНДЕ ҚАРҚЫНДЫ ІС-
ШАРАЛАР ЖҮРГІЗІЛІП, УЧАСКЕЛІК
ПОЛИЦИЯ ИНСПЕКТОРЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚ
АЛДЫНДА ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУЛЕРІ
ТУРАҚТЫ ӨТКІЗУ ҚОЛҒА АЛЫНДЫ. ОСЫ
АПТАДАН БАСТАП УЧАСКЕЛІК ПОЛИЦИЯ
ИНСПЕКТОРЛАРЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ
ЖЫЛДЫҢ ҮШІНШІ ТОҚСАНЫНДА
АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ
АЛДЫНДА КЕЗЕКТІ ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУЛЕРІ
БАСТАЛҒАН ЕДІ.

Осындай кезекті есеп беру жиыны сейсенбі күні Сазтерек ауылдық округінде болып өтті. Аталмыш жиында төрағалық еткен аудан басшысы М.Шүкеев ауыл тұрғындары алдында осындай кездесудің арнайы ұйымдастырылып отырғанын жеткізді.

Кездесуде полиция капитаны Елдос Оразбаев үстіміздегі жылдың үшінші тоқсанында атқарған жұмысының нәтижесі бойынша жергілікті тұрғындар алдында есеп берді. Елдос Айтбекұлының қарамағындағы әкімшілік аумақта үш елдімекен орналасқан. Бір мың жеті жүзден астам тұрғыны бар ауылдық округте өткен жылы 4 қылмыс тіркелсе, үстіміздегі жылдың есепті мерзімінде 6 қылмыс оқиғасы тіркелген. Аталмыш қылмыстың екеуі ашылып, төртеуі ашылмаған.

Қылмыс пен құқық бұзушылықтардың алдын алып, заңсыздықты болдырмауда полиция қызметкері ұдайы жүргізіп жатқан профилактикалық жұмыстардың да үлесі бар. Ауылды жерде мал ұрлығы ең өзекті

мәселе болып отырғанын алға тартқан баяндамашы жайылымдағы малдардың қараусыз қалдырылуы, қолайсыз, қоршаусыз қоралар, дер кезінде полицияға хабар берілмеуі секілді жағдайлар ұрлық әрекеттердің ашылуына кедергісін келтіріп жатқанын жеткізді.

Полиция капитаны сондай-ақ құқық қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстарды ашу, құқық бұзушылықтың алдын алу, оның ішінде, көмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және ұсақ құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілік» қағидасын қамтамасыз ету бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтты. Учаскелік полиция инспекторының баяндамасында оның күнделікті қызметінде кездесетін барлық мәселелер қаралды. Учаскелік инспектор құқықтық тәртіптің қамтамасыз етілуі оның ғана қызметіне емес, азаматтардың белсенді көзқарастарына да байланысты екендігін атап кетті. Сондай-ақ, азаматтарды ауылдық округтегі құқықтық тәртіпті сақтауда жәрдем көрсетуге шақырды. Капитанның өзі әкімдікпен және ұстаздармен тығыз байланыста. Жыл басынан бері қызмет көрсететін аумақта бірлескен рейд өткізіліп, аз қамтылған отбасылар тексерілген.

Е.Оразбаев өз баяндамасының соңын жергілікті әкімшілік өзара кесте жасау арқылы ауыл тұрғындарының арасынан ерікті түрде азаматтарды жұмылдырсақ деген ұсынысымен аяқтады.

Ауыл тұрғындары есептік басқосуда

белсенділік танытып, өздерін мазалаған мәселелерді ортақ талқыға салды. Учаскелік полиция инспекторына сұрақтарын қойып, бірқатар ұсыныстарын да білдірген тұрғындар ауылдың жағдайы, көше тазалығы, ұсақ тәртіпсіздіктердің алдын алу, мал ұрлығының белең алуы, белгіленбеген орындарға құл-қокыс тастау сынды мәселелер төңірегінде сөз қозғап, учаскелік инспектордың жұмысына оң бағаларын берді. Сонымен бірге, құзырлы орган басшылығына осындай мазмұнда кездесу ұйымдастырғаны үшін алғыстарын білдіріп, аудан әкімі мен ішкі істер бөлімі бастығының кездесуге қатысуы – тұрғындардың мәселелеріне бей-жай қарамаудың айқын дәлелі екендігін айтты.

Осы сынды кездесулер кестеге сай, Мырзатай, Темірбек, Жалғызтөбе ауылдық округтерінде де болып өтті. Онда учаскелік полиция инспекторлары, полиция капитандары Тотыби Жарылқасынов, Нұрлыбек Бидалиев, полиция майоры Айдар Байларовтар үшінші тоқсанда өз әкімшілік аумақтары бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп берді.

Ауылдық округтерде ұйымдастырылған учаскелік полиция инспекторларының кезекті есеп беру жиынына аудан әкімі Мұратхан Шүкеев, аудан прокуроры, әділет кеңесшісі Телеев Бағлан, аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Ахатхан Абдеев, Байзақ АІБ-нің жергілікті полиция қызметінің бастығы, полиция капитаны Арман Дәуренбековтер қатысып отырды.

Менің ойымша, өз алдына тәуелсіз мемлекет атанып, жаңа өмірге қадам басқан Қазақстанмен бірге туылып, бірге өсу үлкен мәртебе. Тарих беттерін парақтар болсақ, бодандықтан арылған күннен осы кезеңге дейін халқымыз талай қиын кезеңдерді басынан өткергенін байқаймыз. Егемендіктің алғашқы жылдарында елімізге көптеген асуларды бағындыру қажет болды. Мемлекетімізді жаңа үкімет құру, заң қабылдау, жұмыссыздықпен күресу, халықтың хал-ахуалын арттыру, ел экономикасын дамыту секілді сан алуан жұмыстар күтіп тұрды. Талайдың тезінен қаймықпаған халқымыз бұл асу мен белестерді көреген көшбасшымыз Нұрсұлтан Әбішұлымен бірге абыроймен орындай білді. Бәрін айт та, бірін айт қазақ тілінің тұғыры ерекше мәртебеге ие болды. Заман талабына сай жаңа білім ошақтары бой көтеріп,

денсаулыққа ден қойылды. Мұнымен қоса, спорттағы жетістіктеріміз де арта түсті. Спортшыларымызға қолдау көрсетілуде. Осылайша жаңашылдықтарға тап болған еліміз міне, бүгінде әлем таныған мемлекет болды.

Мен-тәуелсіздіктің құрдасымын. Дербес Қазақстанның дамуына үлес қосу, елдің бетке ұстар азаматы болу – менің басты ұраным. Осы жолда еш аянбаймын да. Тәуелсіздіктің 25 жылдығында еліміз үлкен белестерді бағындырып, дамуың дара жолына түсті. Осы ретте, ерекше қарқынмен өркендеп келе жатқан мемлекеттің мерейін көтеріп, байрағын желбіретер Тәуелсіз Қазақстанның құрдастары екені айқын. Сол себепті де біз мұндай мәртебелі іске әрқашанда әзірміз дегім келеді. Тәуелсіздігіміздің тұғыры биіктей берсін!



ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ШАРАЛАР

Ел тәуелсіздігінің 25 жылдық мерекесіне орай Гагарин атындағы орта мектебінде ашық есік күні өткізілді. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Оразбекова мен тарих пәні мұғалімі Қ.Тамееваның ұйытқы болуымен “Біздің мектептің түлектері”, “Тәуелсіздік құрдастары” тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге келген тәуелсіздік құрдасы Әсем Мырзабаева-аудан әкімдігі сәулет және құрылыс бөлімінде бас маман болып қызмет етсе, Акерке Қажымұратова бала күтімінде екен.

Ашық есік күніне қатысқан 10-11 сынып оқушылары мен қонақтар алдында мектеп директоры Ш. Қапарова сөз сөйледі. Ол өз сөзінде Елбасының ерен еңбегіне, тәуелсіз еліміздің бүгінгі



тандағы жеткен жетістіктері мен еліміздің экономикалық дамуына ауданымыздың қосып отырған үлесіне, ел келешегі тастарға жүктеліп отырған міндет ауқымына тоқталып, тәуелсіздік құрдастарын ұлық мерекемен құттықтады. Ақын-сазгер Қасқырбай Нарбатыр тәуелсіздік, егемендік туралы жырларын тоғітіп оқыса, Тәуелсіздік құрдастары ойларымен бөлісті. Ашық есік күні аясында “Мақтанышым-Тәуелсіз Қазақстан” тақырыбында оқушылардың шығармашылығынан сурет көрмесі ұйымдастырылып, “Менің елім-Қазақстан”, “Тәуелсіздік-тірегіміз” тақырыптарында ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

Ұлт Көшбасшының қажырлы еңбегінің арқасында береке-бірлігіміз нығайып, әлемдік аренада бейбітшілік сүйгіш, ынтымағы жарасқан көпұлтты мемлекет ретінде әлемге танылды. Өсіп келе жатқан жастар бойында отансүйгіштік қасиет пен Ұлы дала елінің құндылықтарын сіңіру, яғни “Мәңгілік Ел” идеясын іске асырудың маңызы зор. Дихан ауылдық округіне қарасты М. Мәметова негізгі орта мектебінде өткен “Мәңгілік Ел” атты конференцияда осы мәселелер кеңінен айтылды.

Конференцияны ашқан мектеп директоры Б. Бахтыбаева қазақ елінің тәуелсіздіктің 25 жылында еңсерген биіктерін сөз ете отырып, “Мәңгілік Ел” идеясын жүзеге асырудың маңыздылығын алдыға тартты. Тәуелсіздік жылдары елімізде үдемелі индустриалды-инновациялық, «Болашақ», «Бизнестің жол картасы –2020», «Дипломмен ауылға», «100 мектеп, 100 аурухана» секілді түрлі бағдарламалардың нәтижесін өлшеуге мүмкіндік берді.

Конференцияға қатысушылар тәуелсіздік жылдары өсу мен өркендеудің әр белесін бағындырған халқымыздың бірлігін сақтау, ел ертені-жастарға жан-жақты білім беру жайында өзара пікір алмасты.

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай дарынды балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығына қолдау көрсету, оның ішінде ән-би, бейнелеу өнері арқылы ұлттық өнерімізді мейлінше қадірлеп, құрметтеуге ықпал ету, өнерлі балаларды тауып, халыққа насихаттау мақсатында республикалық «Тәуелсіз елдің ұланымыз!» атты байқау өткен болатын. Дүбірлі додаға өлкеміздің намысын қорғап барған аудандық балалар мен жасөспірімдер орталығының үйірме оқушылары үміт үлесінен шығып, алдыңғылар қатарынан көріне білді.

Біздің жас дарындарымыз Гүлдана Адамбай көркем оқу, Өмірхан Әлфия ән айтудан алдына жан салмай, республикалық сайыстан бас жүлдені ұтып келсе, «Сөз зергері» үйірмесінің оқушысы Ботакөз Сарыбай I орын, «Қолөнер» үйірмесінің оқушысы Диана Қайрат II орынды иемденіп, мерейімізді үстем етті.

Сайыс соңында жүлдегер оқушылармен олардың жетекшілері Орын Есенгелді, Маңдайлы Базарбаева, Ұлжан Түкеева, Айнұр Азимкуловаларға Алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табысталды. «Біздің орталықта осындай өнерлі өрендер өсіп келе жатқанына мақтанамыз» дейді аудандық балалар мен жасөспірімдер орталығының қызметкері Айжан Сыздықова.

Еліміздің торқалы тойы-тәуелсіздіктің 25 жылында жеткен табыстарында аға буын өкілдерінің сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Сондықтан, мерейлі мереке қарсаңында қарияларды құрметтеудің жөні бөлек. «Байзақ баба» мешітінің бас имамы Р.Азизовтың ұйытқы болуымен ауданның өсіп-өркендеуіне, ел бірлігін сақтаумен қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысқан бір топ қарияларға құрмет көрсетілді.

Бас имам қазыналы қариялардың иығына шапан жауып, Құран Көрім және мұсылманның күнтізбесін табыстап, жылы лебізін білдірді.

ӨЗ тілшіміз.

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ҚҰРДАСЫ БОЛУ- ЗОР ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЙДІ

Абзал ТҮЛЕЕВ,
Ж.Үшкөмпіров атындағы №1 балалар
жасөспірімдер спорт мектебінің
жаттықтырушысы.

Ата-бабаларымыз найзаның ұшымен, білектің күшімен қол жеткізген Тәуелсіздігімізге жиырма бес жыл толғалы отыр. Егемендік тойы – еліміздегі ерекше мейрам. Осынау қуанышты күн әсіресе, Тәуелсіздіктің құрдастары үшін айрықша деп ойлаймын. Мен де егемен елдің құрдасымын. Сонау 1991 жылы қазақ халқы азаттықтың ақ таңын қарсы алған шақта дүниеге келгенмін. Тарих тағлымы бізге бұл күннің оңайлықпен келмегенін ұқтыруда. Тәуелсіздік жолында талай ерлеріміз етігімен қан кешіп, ақыры арман еткен аралды танды бізге сыйлады. Сондықтан да тәуелсіздіктің төл құрдасы атану мен үшін үлкен мәртебе, бақыт және мақтаныш, зор жауапкершілік.

Мен Тараз қаласында туылдым. Алғашында облыс орталығындағы №44 мектепте білім алып, 7-сыныптан бастап облыстағы спорттағы дарынды балалар мектеп-интернатынан тәлім алдым. 2009 жылы Тараз мемлекеттік университетіне денешынықтыру пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша оқуға түсіп, оны 2013 жылы тәмамдап шықтым. Бүгінде осы аудандағы Ж.Үшкөмпіров атындағы №1 балалар жасөспірімдер спорт мектебінде күрестен жаттықтырушы болып қызмет етіп келемін. Ал, жалпы спортқа деген қызығушылығым 5-сыныпта оқып жүргенде оянды. Әкем Нұрлан Түлеев облысымыздағы белді жаттықтырушылардың бірі болғандықтан,



осы кісіге еліктеп, жастайымнан спортты жанымға серік еттім. Мұныма еш өкінбеймін. Талмай еңбек етудің арқасында талай белестерді бағындырып келемін. 2009, 2011 жылдары грек-рим күресінен Қазақстан Республикасының чемпионы атандым. Сонымен қатар Түркия, Болгария, Азербайжан, Ресей, Қытай сынды дамыған мемлекеттерде өткен байрақты жарыстарға қатысып, басты жүлделерді жеңіп алдым. Өмір қызық қой, кезінде жаттықтырушыларымың арқасында биік аренадан көрінсем, бүгінде менің тәлімгерлерім спорттың шынына шығып жүр. Айталық, жас спортшымыз Жандос Ошақбаев Қазақстан Республикасы біріншілігінің жеңімпазы атанса, Юсуп Ашырапов Халықаралық турнирлердің жүлдегері екенін мақтанышпен жеткізе аламын. Олар тәуелсіз елдің нағыз талантты ұландары.

денсаулыққа ден қойылды. Мұнымен қоса, спорттағы жетістіктеріміз де арта түсті. Спортшыларымызға қолдау көрсетілуде. Осылайша жаңашылдықтарға тап болған еліміз міне, бүгінде әлем таныған мемлекет болды.

Мен-тәуелсіздіктің құрдасымын. Дербес Қазақстанның дамуына үлес қосу, елдің бетке ұстар азаматы болу – менің басты ұраным. Осы жолда еш аянбаймын да. Тәуелсіздіктің 25 жылдығында еліміз үлкен белестерді бағындырып, дамуың дара жолына түсті. Осы ретте, ерекше қарқынмен өркендеп келе жатқан мемлекеттің мерейін көтеріп, байрағын желбіретер Тәуелсіз Қазақстанның құрдастары екені айқын. Сол себепті де біз мұндай мәртебелі іске әрқашанда әзірміз дегім келеді. Тәуелсіздігіміздің тұғыры биіктей берсін!

А.АБДУЛМАНАН,
«Әбдікерім Айдар» мешітінің
имамы.

Қазақстан Республикасы 1991 жылы тәуелсіздігін алып, шекарасын көрші елдермен заңдастырып, экономикалық құлдыраған елдің әл-ауқатын жақсарту және дамыған 50 елдің қатарына қосылу мақсатында, өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет деп жариялады. Зайырлы басқару моделі қазақ елін аз уақыттың ішінде дүниежүзілік экономикалық форумда әлемдік бәсекеге қабілетті елдер қатарында екендігін көрсетті.

Зайырлылық дегеніміз атеистік яғни құдайсыз мемлекет деген сөз емес. Зайырлылық деген дүниеге шыр етіп келген бала қандай еркін болса,

ДІН ЖӘНЕ ЗАҰЫРЛЫҚ

сол секілді Қазақстанда тату- тәтті өмір сүріп жатқан 130-дан астам этностар қандай дінді ұстануы немесе ұстанбауы өз еркінде деген сөз. Яғни, біздің елде діни сенім бостандығына кепілдік беріледі. Қазақстанда халықтың көпшілігі ұстанатын дін ислам болғандықтан, зайырлылық принципке байланысты Алла Тағала Бақара сүресінің 256 аятында «Дінде зорлық жоқ» және Кәф сүресінің 29 аятында «Бұл ақиқат Раббыларыңнан де. Сонда қаласа ғана сенсін, қаламағаны қарсы келсін» - деп дәстүрлі діни танымның зайырлылық қағидаларымен ұштасатынын аңғаруға болады.

Біз көпэтносты, көпдінді мемлекет болғандықтан діни плюрализмнің (пікір алуандығы) болатыны заңды құбылыс. Христиан, ислам, буддизм діндерінің кітаптары, діни жоралғылары, діни мейрамдары мен сенімдері әртүрлі болып келеді. Бірақ, бұл ерекшеліктер дінаралық, этносаралық қатығысқа апармауы тиіс. Себебі ортағасырдағы ғалымдар ондай мәселелердің шешімін тауып жазып кеткен. Тек осы мәселеде түсінбей жүрген жастарға түсіндіріп көкейлеріне сіңіру керек. Жоғарыда аталған діндердің бір ауыздан келісетін құндылықтарының бірі адамның өмірі, денсаулығы,

сенім бостандығы және еркіндігі. Ғұлама ойшыл Шәкәрім «Бұл кездегі діндердің бәрі нашар» деген өлеңінде:

«Дін адамды бір бауыр қылмақ еді,

Оны бөліп, дұшпандық қару жасар.

«Інжіл», «Құран» бәрі айтып тұрса-дағы,

Адасып ардан күсіп, қара басар, – деп діншілдіктің өлшемей мейірімділік пен татулық екенін айтқан.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Ұлытауда берген сұхбатында «Қазақ ешқашан дінінен айрылып көрген емес. Қаншама азаматтарды – білімді, дінді

насихаттайтын молдаларды дайындап келеміз. Осының барлығы дұрыс қой, дініміз де, дәстүріміз де қазаққа керек, әрине. Дегенмен, тек біздің дініміз ғана дұрыс екен деп жүрген басқа елдердің жағдайы мүшкіл болады. Мысалы, бір мұсылманның ішінен сүннит пен шиит болып бөлініп, қан төгіп жатқан халықтар қаншама? Бір діннің ішінде өзара ұғыспай, ағымдармен келіспей, соғысып жатқан католиктер қаншама? Сондықтан біз абайлауымыз керек. Біздің дініміз керемет, басқа діндердің керегі жоқ дегенмен жөн. Біздің дініміз – өзіміздің дініміз. Бірақ басқаны да үйренуіміз, білуіміз, сыйлауымыз, құрметтеуіміз қажет. Сонда мұсылманның діні де құрметтелетін болады» - деп айтқан сөзін естен шығармайық.

АЛТЫНШЫ САЙЛАНҒАН ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
БАЙЗАҚ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

(кезектен тыс VII сессия)
(Жамбыл облыстық әділет департаментінде 2016 жылдың 26 қазаны күні №3191 нөмірімен мемлекеттік тіркеуден өткен).

Сарыкемер ауылы №7-2 2016 жылғы 21 қазан

«2016 – 2018 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы»
Байзақ аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы
№48-3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109 бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына сәйкес және «2016-2018 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Жамбыл облыстық мәслихатының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы №43-3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Жамбыл облыстық мәслихатының 2016 жылғы 7 қазандағы №5-6 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде №3175 болып тіркелген) негізінде аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «2016 – 2018 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Байзақ аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №48-3 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерде мемлекеттік тіркеу тізлімінде №2880 болып тіркелген, 2016 жылғы 5 қаңтарында аудандық №3-4 «Ауыл жаңалығы-Сельская новь» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1) тармақта:
1) тармақшала:
«8465590» сандары «8470001» сандарымен ауыстырылсын;
«699810» сандары «727688» сандарымен ауыстырылсын;
«1550» сандары «3937» сандарымен ауыстырылсын;
«727351» сандары «7701497» сандарымен ауыстырылсын;
2) тармақшала:
«9057741» сандары «9062152» сандарымен ауыстырылсын.

Аталған шешімнің 1 және 6 қосымшалары осы шешімнің 1 және 2 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Байзақ аудандық мәслихатының «Аумақты экономикалық дамыту, қаржы, бюджет, әкімшілік аумақтық құрылым, адам құқығын қорғау мәселелері және жер учаскелерін сатып алу туралы шарттар жобаларын қарау» жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және 2016 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы С.Рәпілбеков.
Аудандық мәслихат хатшысы Н.Тлепов.

Байзақ аудандық мәслихатының 2016 жылғы
21 қазандағы №7-2 шешіміне 1 қосымша

Байзақ аудандық мәслихатының 2015 жылғы
25 желтоқсандағы №48-3 шешіміне 1 қосымша

2016 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АУДАНДЫҚ БЮДЖЕТ

Сана- ты	Сыныбы		сомасы, мың теңге
		Ішкі сыны- бы	
		Атауы	
		1. КІРІСТЕР	8470001
		Салықтық түсімдер	727688
	01	Табыс салығы	244600
	03	Әлеуметтік салық	184500
		1 Әлеуметтік салық	184500
	04	Меншікке салынатын салықтар	255178
		1 Мүлікке салынатын салықтар	169878
		3 Жер салығы	8800
		4 Көлік құралдарына салынатын салық	73000
		5 Бірыңғай жер салығы	3500
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	30400
		2 Ақиздер	14000
		3 Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1900
		4 Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	14500
	07	Басқа да салықтар	410
		1 Басқа да салықтар	410
	08	Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	12600
		1 Мемлекеттік баж	12600
	2	Салықтық емес түсімдер	3937
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	194
		5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	194
	04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	943
		1 Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	943
	06	Өзге де салықтық емес түсімдер	2800
		1 Өзге де салықтық емес түсімдер	2800
	3	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	36879
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	36879
		1 Жерді сату	36179
		2 Материалдық емес активтерді сату	700
	4	Трансферттердің түсімдері	7701497
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	7701497
		2 Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	7701497

Функционалдық топ			сомасы, мың теңге
01	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама	Атауы	
		2. Шығындар	
		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	9062152 626461
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	22504
		001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	22184
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	320
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	134801
		001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	118286
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	16515
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	394530
		001 Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	376076

		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	18454
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	24586
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22447
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1722
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	113
		018	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	304
	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	25201
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18865
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6336
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолалышар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	13052
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолалышар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	12246
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	806
	494		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі	11787
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11766
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	21
	02		Қорғаныс	2795
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	2795
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	2795
	03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	2867
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолалышар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2867
		021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	2867
	04		Білім беру	6711769
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1085367
		009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	500056
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	585311
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	9846
		005	Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	9846
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	5096194
		003	Жалпы білім беру	4887734
		006	Балаларға қосымша білім беру	208460
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	136670
		017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	136670
		466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	212321
		021	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	212321
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	171371
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18257
		005	Ауданның (областық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу - әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	83506
		007	Аудандық (қалалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс -шараларды өткізу	500
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп - ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлеуі	17496
		022	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	479
		029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық - медициналық - педагогикалық консультациялық көмек көрсету	23674
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	27459
	06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	442172
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	165676
		005	Мемлекеттік атауды әлеуметтік көмек	5111
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	123535
		025	Өрлеу жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу	37030
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1450
		030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	1450
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	228138
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	101419
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	16370
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	1902
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	16417
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	4300
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	32748
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектердің міндетті гигиеналық құралдармен және емделу тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	51618
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	3364
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	45361

		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	42167
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	2294
		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	900
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолалышар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1547
		050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	1547
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	309993
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	20320
		027	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	20320
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	71662
		026	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	71662
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	215866
		004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	185920
		058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	29946
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолалышар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2145
		012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	2000
		016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	145
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	284908
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	4000
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	4000
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	118310
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	104581
		005	Зоопарктер мен дендропарктердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету	4020
		009	Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін сақтауды және оларға қол жетімділікті қамтамасыз ету	9709
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	3265
		028	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру – сауықтыру және спорттық іс-шараларды іске асыру	3265
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	19120
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10735
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	360
		005	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	2000
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	2000
		007	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	4025
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	57308
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	56788
		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	520
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	23354
		002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	23354
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	13367
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10167
		010	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	200
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	3000
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	46184
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16040
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	29933
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	211
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	167058
	462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	30906
		001	Жергілікте деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22661
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	355
		099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	7890
	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	33143
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14838
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	240
		005	Мал көміділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3275
		006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	5195
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	2000
		008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құлын иелеріне өтеу	3895
		009	Жануарлардың энтозотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	1000
		010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	2700
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	14211
